

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің

«Петропавл қаласының
білім бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

«Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

БҰЙРЫҚ



Коммунальное государственное
учреждение
«Средняя школа № 43
имени Габита Мусрепова»
коммунального государственного
учреждения «Отдел образования
города Петропавловска»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»

ПРИКАЗ

2023 ж. 01.09

Петропавл қ.

№ 276

г. Петропавловск

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес бойынша жұмысты
ұйымдастыру туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының
2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңын, «Білім туралы» Қазақстан
Республикасының 2007ж.27.02 Заңын орындау үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комиссия
жұмысын келесі құрамда жалғастырсын:

Комиссия төрағасы: *Надежда Владимировна Золотилина* –
директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары,

Төрағаның орынбасары: *Ольга Александровна Елманова* – директордың
ТЖ жөніндегі орынбасары,

Хатшы: *Галия Молдобаевна Муканова* – орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі,

Комиссия мүшелері:

Татьяна Борисовна Баженова – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
(келісу бойынша)

Сабира Сагандыковна Байбусинова – мектептің КК төрағасы,

Ксения Владимировна Аверичева – кітапхана меңгерушісі,

Елена Витальевна Иовлева – бас бухгалтер.

2. Комиссияның жұмысы мектептің 2023-2024 оқу жылына сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес әрекетінің жоспарына сәйкес
ұйымдастырылсын.

3. **Комиссия төрағасының орынбасары** мектеп директорымен бірлесе
азаматтардан мектепке білім беру мекемесінде сыбайлас жемқорлық
фактісі туралы келіп түскен өтініштері мен жолдауларын қарастырсын;
азаматтардың сыбайлас жемқорлық анықталған мәселелері бойынша
жолдаулары үнемі бақылауда болсын; жылына бір рет жылдың
қорытындысы бойынша жалпы мектептік ата-аналар жиналысында
сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде өткізілген
жұмыстың талдауы жүргізілсін; мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес бойынша Жоспардың іс-шараларын іске асыру туралы ақпараттық-аналитикалық материалдарды мектеп сайтына жүйелі түрде орналастырылсын.

4. **Комиссия мүшелері** мектеп сайты мен ақпараттық стендке орналастыру арқылы азаматтарды олармен тегін білім алуға құқықтары туралы және білім беру саласында қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер туралы ақпараттандыруды қамтамасыз етсін.
5. **Әлеуметтік педагог Нина Анатольевна Трапезникова** мектеп қызметкерлерін ҚР ҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлімімен таныстырсын; оқушыларға, оқушылардың ата-аналары мен мектеп қызметкерлеріне кездесу, дөңгелек үстел, ашық дәрістер және тағы басқа түрлерде мемлекеттік үкімет органдарымен (полиция, прокуратура, сот) өзара әрекет жасауды ұйымдастырсын.
6. **Мектеп қызметкерлері** сыбайлас жемқорлық әрекеттерді, бопсалаушылық, паракорлық және сынып пен мектептің әртүрлі қажеттілігіне ата-аналар мен оқушылардан ақшалай қаражат алу фактілеріне жол бермесін; ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлықты ұсынбасын және нормативті құжаттамасы болмаса, бұл әрекет түрін жүзеге асырмасын.
7. **Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Надежда Владимировна Золотилина** қорытынды аттестаттауды ұйымдастырып, жүргізетін комиссиямен бірлесе 2023-2024 оқу жылы мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде білім алушылардың құқығын сақтауды қамтамасыз етсін; білім алушылардың мемлекеттік қорытынды аттестаттауын өткізу кезінде қоғамдық бақылаушы ретінде сарапшыларды тарту бойынша жұмысты жандандырсын; мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде ақпараттық қауіпсіздігі мен зандылық шараларын сақтауды қамтамасыз етсін; оқушыларға құжаттарды (аттестаттар, билеттер, тестілер, алгебрадан бақылау жұмысының тапсырмалар, орыс тілінен эссе тақырыптары) беруге, сондай-ақ емтихан тапсыру кезінде көмектесуге жол бермеу бойынша шаралар қолдансын.
8. **Инженер Науман Даниэль Юрьевич** осы бұйрықты мектеп сайтына орналастырсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



А.Т. Умарова